

## 2024 жылғы қаңтар-наурыздағы химия өнеркәсібі

ҚР СЖЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес **2024 жылғы қаңтар-наурыз** айларында **өндіріс көлемі** құндық мәнде **219,6 млрд. теңгені құрады**, бұл 2023 жылғы осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **9,1%-ға** төмен.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 49,1%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 13,9%, бояғыштар мен пигменттер – 7,3%, өзге де химиялық өнімдер – 6,0%, өнеркәсіптік газдар – 5,2%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 4,7%, өзге де негізгі органикалық заттар – 4,4%, пестицидтер және басқа агрохимия – 3,5%, ЛБМ – 3,1%, тұрмыстық химия – 1,8%.

Нақты көлем индексі **111,4%** құрады. Өсудің негізгі себебі келесі тауар түрлері бойынша өндіріс көлемінің заттай көріністе ұлғаюы болып табылады: хром триоксиді (+9,5%), хром оксиді (+21,2%), фосфор (+39,9%), натрий бихроматы (+13,8%), фосфор тыңайтқыштары (+72%), бастапқы нысандардағы стирол полимерлері (+20,2%), бастапқы нысандағы полиуретандар (+23,4%), ЛБМ (+12,4%), жуғыш заттар (+8,6%), цементтерге арналған қоспалар (+14,6%).

**2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында** құны бойынша химиялық өнімнің **экспорты 226,3 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 14,3%-ға төмен. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей (33,1%), Үндістан (8,1%), Польша (5,7%)**.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 544,9 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 26,3%-ға төмен. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (38,6%), Қытай (12,2%), Германия (7,0%)**.

Химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 663,3 млн. АҚШ долларын (298,9 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 17,6%-ға төмен. Айта кетерлігі, өндірістің өсуімен бірге экспорт (-14,3%) және импорт (-26,3%) көлемдерінің төмендеуі байқалады, бұл әлемдік нарықтағы тыныштықпен байланысты. **ОТӨ үлесі 17,9%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 82,1% құрады.

**2024 жылғы қаңтар-наурыз айларында** химиялық өнім түрлерін өндірудің ең көп көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: Жамбыл (27,0%), ШҚО (18,6%), Қарағанды (9,9%), Ақтөбе (9,8%), Павлодар (6,7%), Ақмола (6,2%), Маңғыстау (6,2%).